


## ҚАЙЫРЛЫ КҮН, i-BALA ЖУРНАЛЫНЫҢ ОҚЫРМАНЫ !

Тәу Еліміз бойынша ғана емес, әлем бойынша да баламасы жоқ Нұр-Сұлтан қаласы, Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайына 10 жыл! «Ай-Бала» журналының бұл жолғы саны сарайымыздың мерейлі мерекесіне арналып отыр. Бізді оқып, өзіңізге көтеріңкі көңіл-күй сыйлаңыз!


# i-BALA

№ 1, сәуір, 2022 ж.

*БАС РЕДАКТОР:*

*Айнагүл Хаирбайқызы НАУРУЗОВА*

*ШЕФ-РЕДАКТОР:*

*Айнұр ТОҚТАРХАНҚЫЗЫ*

*Айнұр БАЙГОЖА*

*ФОТОСУРЕТШІЛЕР:*

*Даурен БАЙКЕНЖЕЕВ*

*РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:*
*Джиренбай Аружан*
*Акниет Сейтжанова*
*Ильяс Колтаев*

*УЧРЕДИТЕЛЬ*
*"Оқушылар сарайы" МКҚК*

*ҚР Ақпарат және мәдениет министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2013 жылдың 30-шы қыркүйегінде тіркелген. Тіркеу номері №13908-Ж*

*Таралымы: 1000 дана.*
*Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы*



*РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:*
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Бауыржан Момышұлы көшесі, 5 үй
моб.тел:*+7 701 203 04 52*
тел: *8 (7172) 70-12-00*
*e-mail : **i-bala.journal@gmail.com***

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі

**Алтай Сейдірұлы КӨЛГІНОВ**



## Құрметті оқушылар, ата-аналар, ұстаздар қауымы!

## Сіздерді әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының 10-жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр»деп атап өткен болатын.

Тәуелсіздік жылдары еліміз көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Білім беру саласына келетін болсақ, білім сапасы мен оқушыларға, ұстаздарға жағдай жасауға үлкен мән беріліп отыр. Қазір елордамызда 143 мектеп

бар, білім алып жатқан оқушы саны – 210 мыңға жуық. Демек, жаңа буын өсіп, қалыптасып келеді. Біз үшін қалыптасып келе жатқан жаңа буынның білім жолындағы болашағы маңызды. Еліміздің одан әрі өсіп-өркендеуі үшін білімді, бәсекеге қабілетті, саналы ұрпақ тәрбиелеу қажет. Бұл сапалы мектеп инфақұрылымы мен мұғалімдеріміздің біліктілігін талап етеді. Елордамызда тұрғындардың саны жыл сайын артуда. Бұл, әрине, қуантарлық жайт. Статистикаға сүйенсек, жыл сайын 8 мыңға жуық оқушы мектеп бітірсе, 25 мыңнан астам бала 1 сыныпқа барады. Қала халқы санының артуына байланысты жыл сайын кемінде 10 мектеп салып отыруымыз қажет. Мәселен, 2020 жылы 2019 жылға қарағанда пайдалануға берілген мектептер саны екі есе көп, яғни 11 мектеп салынған болса, ағымдағы жылы 15 ірі габаритті мектеп салып, пайдалануға береміз. Бұл 40 мың оқушы орны ашылады деген сөз. 5 жылдық кешенді жоспар аясында 70-ке жуық мектеп салу жоспарланып отыр. Осы шаралардың барлығы үш ауысымды, шамадан тыс жүктеме артылған мектептер санын қысқартуға мүмкіндік бермек. Білім саласында балаларға қосымша білім берудің маңызы зор. Осы бағытта әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының ролі өте жоғары. Балалардың саны жылдан-жылға өсуде, шет аймақта орналасқан мектептерде комьюнити орталықтарын ашуға қолдау көрсетудеміз.

Ұстаз – өскелең ұрпаққа бағыт-бағдар беруші, балаларға білім беріп қана қоймай, олардың зияткерлік әлеуетін ашатын маман. Тәуелсіз елдің ұрпағын тәрбиелеп, баланы тұлға ретінде қалыптастыратын жан - ұстаз. Ал мемлекет тарапынан қолдау әрдайым бола бермек.

Сіздерді мерейлі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін!



Нұр-Сұлтан қаласы
Білім басқармасының басшысы

## Қасымхан Сенғазыұлы СЕНҒАЗЫЕВ

*Елордамыздың ең көрікті, зәулім сарайында білім алып жатқан оқушылар, құрметті ұстаздар, ардақты ата-аналар! Баршаңызды 10 жыл толып отырған мерейтойларыңызбен құттықтаймын! Адамның басты құндылығы – отбасы, таусылмас қазынасы – балалары. Ал, балалар іздеген асыл қазына – оқушылар сарайында. Бүгінгі бала – егемен еліміздің ертеңі. Сондықтан, әр шәкірттің білімді болуы барлығымыз үшін маңызды.Оқушылар сарайы қаладағы қосымша білім беретін ең ірі ұйым болып табылады. Қосымша білімсіз балалардың әлеуетін толық ашу мүмкін емес. Балалардың арман баспалдағы осы жерден бастау алады. Сондықтан әр баланың сабақтан тыс үйірмелер мен секцияларға қатысу мүмкіндігінің болуы - маңызды.*

*Жас ұрпақ, кемеңгер ұстаз – тәуелсіздік пен теңдікті, бостандық пен еркіндікті арқау тұтқан, бір арнада үйлесімділік тапқан сіздерге - шығармашылық табыс, шабытты ой, креативті ізденіс тілеймін. Жаңа жетістіктер арқылы еліміздің одан әрі өркендей беруіне қосар үлестеріңіз көп болсын деймін.*

*Сіздерге осындай атаулы күні мейірімділік пен парасаттылық, игілік пен бақыт, дендеріңізге саулық, бақыт береке тілеймін! Барлық бастамаларыңыз сәтті болсын!*



Директор Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования МОН РК

## Раиса Петровна ШЕР



# Уважаемые коллеги!

*Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования Министерства образования и науки Республики Казахстан сердечно поздравляет коллектив Дворца школьников имени аль-Фараби с 10-летием со дня основания!*

*Ваш Дворец – динамично и комплексно развивающаяся система, реализующая новые принципы образовательной политики.*

*10 лет - это совсем еще юный возраст для Дворца, но уже есть чем гордиться. Благодаря высоким профессиональным качествам педагогов во Дворце создана особая атмосфера, где каждый ребёнок может найти применение своим способностям, почувствовать себя талантливым и востребованным.*

*Выражаю искреннюю признательность за вклад, который ваш коллектив своим плодотворным трудом вносит в развитие системы дополнительного образования и воспитания подрастающего поколения.*

*Успех коллектива Дворца – это результат творческого отношения к делу, убежденности в том, что первоочередная задача любого общества – забота о детях.*

*Уверена, что вы сохраните и приумножите лучшие традиции, опыт и знания, накопленные за эти годы, и останетесь одной из лучших организаций дополнительного образования детей.*

*Желаем вашему коллективу талантливых и благодарных учеников, творческого вдохновения, успехов в реализации поставленных задач, бодрости духа и здоровья!*








### Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Оқушылар Сарайы МКҚК директоры 2011-2018 ж.ж., ҚР-ы білім беру ісінің Құрметті қызметкері

# ҰМСЫН НҰРЖІГІТҚЫЗЫ АРҚАБАЕВА

## Құрметті менің әріптестерім!

***Сіздермен бірге Оқушылар сарайының ашылуына куә болып, Елордамыздың балаларын құшақ жая қарсы алғанымызға да 10 жыл өтіпті. Қиындығы да, қызығы да аз болмады. Әлемде теңдесі жоқ қосымша білім беру ұйымының жұмысын бастап кету көп ізденісті, жаңашылдықты, үлкен жауапкершілікті қажет етті. Бірақ өздеріңізбен барлық ойға алған жобаларымызды іске асырдық. Алғаш рет елімізде интерактивті парк, планитарий іске қосылды. 125-тен аса үйірмелер мен спорттық секциялар жұмысын бастап, оқу кабинеттері қажетті материалдық және заманауи техникамен жабдықталды. Қазақстанда іссапарда жүрген делегациялардың, елімізідің әр түпкірінен келген қонақтардың арнайы келіп танысатын стратегиялық маңызы бар білім ошағына айналдық. Қаншама жеткіншектер ғылымда, шығармашылықта және спортта өздерінің жолдарын тапты. Сіздерге алғысым шексіз!***

***Мерейтойды пайдалана отырып әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының педагогикалық ұжымын, тәрбиеленушілерін, ата-аналарын шын жүректен құттықтаймын! Денсаулық, ашық аспан тілей отырып, Сарайдың шашар шуағы мол болып, жас жеткіншектердің бақытты ордасы болып қала беретініне сенім білдіремін.***








ҚОНАҚЖАЙ
ПОЧЕТНЫЙ ГОСТЬ

# Первая леди Японии мечтала стать невесткой

i-BALA





# Әсима Темкеқызы БИМЕНДИНА

**_Құрметті i-BALA журналының ұжымы!_**

*Тура 10 жыл бұрын Оқушылар сарайының тарихы басталды. Ол кезде балалар мен ата-аналардың қуанышы шексіз еді, өйткені қаламызда бір ғана Оқушылар сарайы бар болатын. Ол күннен-күнге өсіп жатқан балалар санына байланысты аздық ететін. Сондықтан осы сарайдың елордамызда бой көтеруі қала тұрғындары мен балалар үшін зор қуаныш болды.*

*Құрметті Оқушылар сарайының ұжымы, Сіздерді атаулы мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Сіздердің еңбектеріңіз өлшеусіз. Балаларға қосымша білім беру – олардың болашақ қадамына жақындауы, кәсіби түрде өз мамандығына қадам басуы. Бүгінгі күнде балалардың заманауи тұрғыда білім алуына, цифрлық жүйені, технологияны түсінуіне, жаңа оқу үрдісімен оқуға дайындап жатырсыздар. Осының бәрі баланың болашағы мен тәуелсіз еліміз үшін жасалып жатқан жарқын жобалар. Педагогтар еңбегі қоғам үшін қашан да ең жоғары деңгейде бағаланады. Сондықтан өздеріңізді бағалап, үміттеріңізді ақтайтын дарынды шәкірттеріңіз көп болсын. Құрметті ата-аналар, балаларыңыз биіктерден көрінсін. Тарихы мемлекеттік бағдарлама бастауымен қолға алынған, бүгінде ұлы ғұлама Әл-Фарабидің есімімен аталған оқушылар сарайынан егеменді еліміздің келешегіне алаңдайтын біртуар тұлғалардың шығуына зор сенім білдіремін.*





**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Әл-Фараби атындағы Оқушылар Сарайы" МКҚК директоры**

## Раушан Ғаниқызы
## КУШИБАЕВА

***Құрметті i-BALA журналының оқырмандары, ата-аналар, оқушылар!***

*Баршаңызды Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының 10 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Біз еліміздегі өзіндік тарихы бар, бағыт-бағдары айқындалған, оқыту жүйесі қалыптасқан қосымша білім беру мекемесі ретінде танымалмыз. Оқушылар сарайы жастардың рухани, мәдени дамуының, өнер мен спорт, білім мен ғылымның жолы түйіскен, әр бағыт бойынша болашағына бастау алатын балалардың маңызды білім ордасы. Еркін елдің ұрпағы да еркіндікті сезініп өсуі керек. Біздің міндеттеріміз бен миссияларымыз бір – елдің дамуына атсалысу және болашағымыздың берік іргетасын қалайтын білімді, талантты, жеке тұлға ретінде ой-санасы жетілген жастарды көбейту.*

*Барлықтарыңызды 10 жылдық мерейтойымызбен құттықтай отырып, алдағы уақыттағы әрбір игі істеріңіз бен креативті жобаларыңызға сәттілік, ұжым мүшелері мен олардың отбасыларына амандық-саулық, бақ-береке тілеймін.*

*Ісім оңсын десеңіз,*
*Сол істің маманы болыңыз,*
*Даңқым шықсын десеңіз,*
*Көпшіліктің адамы болыңыз - деп ғұлама әл-Фараби бабамыз айтқандай, жастарымызға айтарым, келешекте өз қалаған мамандықтарың ел кәдесіне жарап, жұртымызға қуаныш сыйласын.*

*Жаңа онжылдыққа басқан қадамдарыңіз сәттілікке толы болсын!*



*«АР ҰЖДАН МЕН ЖАН ТАЗАЛЫҒЫ –АДАМ МІНЕЗІНДЕГІ БАҒАЛЫ ҚАСИЕТТЕРДІҢ БІРІ»*

**ЕРБОЛ ІРГЕБАЙ**

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ МКҚК ДИРЕКТОРЫ 2018-2020 ж.ж.

# ЕРБОЛ ІСЛӘМҰЛЫ ІРГЕБАЙ

Іргебай Ербол Ісләмұлы- қайымтанушы ғалым, ҚР-ы білім беру ісінің Құрметті қызметкері, «Ерен еңбегі» медалінің иегері, «ҚР-ы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медалінің, «Тіл тұғыры» төсбелгісінің иегері, «Халық сүйіктісі» республикалық байқауының жеңімпазы.




### Оқушылар сарайына ұлы ойшыл, ғұлама Әл-Фарабидің есімі берілуі.

Ербол Ісләмұлы Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының директоры қызметі кезінде педаогикалық ұжымға Оқушылар сарайына ұлы ойшыл, ғұлама Әл-Фарабидің есімін беру туралы ұсыныс білдіргенда барлық қызметкерлер қолдады. Сонымен Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасының, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауын тапты. Ұсыныс үкімет тапынан мақұлданып, 2020 жылдың 6 ақпанындағы №44 қаулысына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «оқушылар сарайы» мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорнына Әл-Фараби есімі берілді.



### "PARASAT" қалалық зияткерлік турнирі

Қала мектептері оқушыларының білім және интеллектуалдық қабілетін дамыту мақсатында оқушылар сарайында " PARASAT " қалалық зияткерлік турнирі қолға алынған болатын. Жылдың әр маусымында өткізіліп отырған жоба оқушылар үшін жақсы оқуға, білім дәрежесін көтеруіне ықпал етті.









**«Менің елім» ақпараттық-виртуалды орталығы ашылды.**

2019 жылдың 17 мамырында Әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралары аясында Әл Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Менің елім» ақпараттық-виртуалдыорталығының салтанатты ашылуы өтті. Орталықтың ішіндегі «Әл-Фараби оқу-әдістемелік бұрышы», «Абай әлемі» бөлімі?

**"Фараби сазы" оркестрінің тұсауы кесілді**.

2020 жылы Елорда күні мен Ұлттық домбыра күні мерекесіне орай Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында оқушылардың "Фараби сазы" оркестрінің тұсауы кесілді.Мақсаты – Елорда күні мерекесін және оның қалыптасуы мен өркендеуіндегі Елбасының ерен еңбегін жан-жақты насихаттау және халқымыздың қасиетті аспабы – домбыраның мәні мен маңызын түсіндіру. Сонымен қатар Ұлттық домбыра күні мерекесі қарсаңында әл-Фараби есімін иеленген Оқушылар сарайының "Фараби сазы" оркестрінің тұсауын кесіп, қалың жұртшылыққа таныстырды.

*Айнұр ТОҚТАРХАНҚЫЗЫ*
*Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы оқу-әдістемелік бөлімінің әдіскері*



директор ЦРОиПС «Астана дарыны»

**Ғаждембек Қуанышұлы ТҰРСЫНОВ**



# С Днем Рождения, Дворец!

## Уважаемая Раушан Ганиевна и коллектив Дворца школьников!

*Сердечно поздравляю вас с 10-летним юбилеем!*

*10 лет – это юный возраст, когда впереди ещё много интересных дел и творческих открытий.*

*Во Дворце создана особая атмосфера, где каждый ребёнок может почувствовать себя талантливым, любимым и востребованным.*

*Благоприятные условия для всестороннего развития учащихся, созданные во Дворце, позволяют учащимся показывать высокие результаты на республиканских и международных творческих конкурсах.*

*Ваш коллектив проводит интересную и плодотворную работу по развитию системы дополнительного образования детей.*

*Пусть ваш труд приносит вам радость творчества, а верность профессии и признание коллег вдохновляют на новые свершения!*



ДИРЕКТОР ОФ "МИР РАВНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ"

## Нургуль Туленовна УЛЬЖЕКОВА



**Уважаемая Раушан Ганиевна!**

*Дворец школьников им.Аль-Фараби наш социальный партнёр ОФ "Мир равных возможностей" с 2017 года.*

*Целью нашего сотрудничества является содействие спортивному развитию детей с особыми образовательными потребностями.*

*Благодаря плодотворному сотрудничеству мы открыли совместно с Дворцом школьников им Аль-Фараби в рамках социального проекта "Саламатты болашақ" при поддержке КФ "Samruk Kazyna Trust" спортивные секции для детей с инвалидностью.*

*Адаптивное плавание, адаптивное каратэ и инклюзивная лёгкая атлетика.*

*На сегодняшний день в этих секциях бесплатно круглогодично занимаются не менее 30 детей с особыми образовательными потребностями.*

*Также ежегодно совместно с вами мы проводим ряд инклюзивных спортивно-массовых и культурных мероприятий с участием детей и молодежи с особыми образовательными потребностями.*

*И сегодня, Дворец школьников им.Аль-Фараби отмечаюте свой 10 летний юбилей, с которым мы от всей души вас поздравляем!*

*Дворец школьников давно стал вторым домом для тысячи ребят. И очень радует, что и дети с особыми образовательными потребностями не остаются в стороне.*

*Мы желаем процветания и благополучия всему коллективу Дворца школьников об им.Аль-Фараби!*

**Пусть в стенах дворца всегда царит атмосфера творчества, спортивного духа и научного креатива!**

**Мира и процветания нашему подрастающему поколению!**







Директор Детской художественной школы –
клуб ЮНЕСКО

## Гульзия ИСЕНОВА



**Дорогие друзья!**

*Коллектив Детской художественной школы – клуб ЮНЕСКО столицы поздравляет Дворец школьников им.Аль- Фараби с 10-летним творческим юбилеем!*

*С огромным удовольствием и от всего сердца поздравляем руководителя Дворца школьников им.Аль- Фараби Раушан Ганиевну и уважаемых коллег с замечательным событием!*

*Большой, неоценимый вклад в становлении Дворца внесли экс-директора Аркабева Умсын Нуржигитовна и Иргебай Ербол Ислямович.*

*Ваша большая и плодотворная деятельность, учитывающая нравственную, эстетическую, спортивную, патриотическую направленности – это реальный и значимый вклад в развитие будущего поколения Казахстана!*

*За этот период сделано не мало, проведено большое количество мероприятий, конкурсов, соревнований различного уровня.*

*Мы гордимся нашими коллегами!*

*Широкий спектр услуг, который предлагает Дворец детям столицы, говорит о том, что учитывает новые веяния и современные технологии!*

*Пусть жизнь, как яркая мозаика складывается из светлых и ярких красок радости, незабываемых событий, а каждый новый день дарит удачу и прекрасное настроение!*

*Желаем коллективу радости творчества, свершения всего задуманного и неустанного стремления к совершенству.*

*Мы выражаем уверенность, что наше плодотворное сотрудничество, направленное на поддержку юных дарований будет продолжено.*

*Благодарим за дружбу, сотрудничество!*

---

№ 2 өнер мектебінің ұжымы

## Гүлмира ЖАНГЕЛДІҚЫЗЫ



**Құрметті, Әл –Фараби атындағы
Оқушылар сарайы ұжымы!**

*Сіздерді 10 жылдық мерейтойларыңызбен құттықтаймыз.*

*Сіздердің ұжымдарыңызға толағай табыс, шығармашылық ізденіс, жасампаз еңбек, рухы биік, намысы берік, білім мен өнерге құштар жас жеткіншектердің көп болуын тілейміз. Білім алумен қатар, өнердің, спорттың әр түрлі түрін ұрпағымыздың бойына сіңіріп, үйретіп, дәріптетіп, қазақ елінің дарынды, талапты да талантты жастарын тәрбиелеп жатқан еңбектеріңіз еселеніп, елене берсін. Әр баланың жүрегіне жол тауып, асқақтаған арман қиялына жан бітіріп, санасына ақыл ұялатып, жаңа өмір жолына жол сілтеген өнер ордасына шығармашылық табыстар тілейміз.*

*Көк туы желбіреген, әнұраны қалықтаған елімізде ұжымдарыңыз бұдан да жоғары ілгерілеп, өркендей берсін.*

Директор Дворца школьников
имени Махамбета Утемисова

## Вадим МОТОРИН

# Уважаемая Раушан Ганиевна!



*Разрешите поздравить Вас и в Вашем лице весь коллектив с юбилейной датой – с 10-летием Дворца школьников имени аль-Фараби!*

*Деятельность вашего коллектива безраздельно отдана самому важному на Земле служению – воспитанию и развитию дополнительного образования подрастающего поколения.*

*10 лет для организации – это пора детства, пора дерзновенного полёта фантазии, освоения новых высот, восхождения к вершинам творчества! Дворец всегда объединял необыкновенных и выдающихся, честных и искренних, очень талантливых людей! Первые инновации и добрые традиции были заложены Умсын Нуржигитовной, свой колоссальный опыт по поддержанию и сохранению национальной культуры внес в деятельность Дворца Ербол Ісламұлы, сегодня Дворец динамично развивается под руководством Раушан Ганиевны.*

*А неисчерпаемая преданность вашего творческого коллектива профессии, стремлению к совершенствованию, жизненному оптимизму и беззаветному служению детству определяют высокое качество настоящего и перспективность будущего развития столичного Дворца школьников имени аль-Фараби.*

*Уверен, что лучшие традиции, накопленные за эти годы, будут многократно умножены. Пусть ваш труд приносит вам радость творчества и вдохновения, а признание ваших успехов вдохновляют на новые свершения!*

КГУ «Комплекс
«Детский сад-школа-гимназия № 46»
Роза Касымовна
КАСКАБАЕВА



## Уважаемые коллеги!

*От себя лично и от имени педагогического коллектива поздравляю Дворец школьников имени аль-Фараби с юбилеем!*

*Казалось, только вчера гостеприимно распахнул двери перед столичной ребятней Дворец школьников. И вот уже 10 лет он является авторитетным флагманом дополнительного образования Республики Казахстан.*

*Все годы он успешно решает широкий круг профессиональных задач в области дополнительного образования во имя нашей общей цели - создать максимально качественную и удобную воспитательно-образовательную среду для разностороннего развития юного поколения страны и умения смело отвечать серьезным вызовам современности.*

*Дворец школьников имени аль-Фараби стал стартовой площадкой для реализации дерзких и масштабных проектов в рамках города, страны и зарубежья, зажигая яркие казахстанские звездочки на небосклоне науки, искусства и спорта.*

*С огромной благодарностью хочу отдать должное первым руководителям дворца, внесшим неоценимый вклад в его становление и развитие.*

*Творчество, полет мысли, нестандартное видение перспектив развития, поиск инновационных образовательных практик на основе сохранения национального культурного достояния, цифровизация, доступность инклюзивного образования - те ключевые моменты, которые привнесли Ұмсын Нұржігітқызы Арқабаева и Ербол Ісләмұлы Иргебай.*

*И Раушан Ганиевна достойно приняла эстафету, интегрируя усилия высокопрофессионального педагогического коллектива Дворца школьников на успешную работу и развитие новых моделей повышения доступности дополнительного образования молодых интеллектуалов.*

*Творческого настроения и плодотворной деятельности в дальнейшем вам, дорогие коллеги!*

Нұр-Сұлтан қаласы
Білім басқармасы
«Міржақып Дулатұлы атындағы
№68 мектеп-гимназия» директоры
**Кунумбала Изтолеуовна**
**БАЯХМЕТБАЕВА**




## Құрметті Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының білікті ұстаздары, ата-аналар мен дарынды оқушылар!

*Сіздерді Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының ашылуына 10 жыл толуына байланысты айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, Оқушылар сарайының әкімшілігі мен ұстаздарына өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін! Қызығы мен жетістіктері, дамуы үздіксіз жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен өсуге бастасын.*

*«Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясында» Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының филиалы болып табылатын «Шұғыла» community орталығының ашылуына биыл, міне, 4 жыл толды.Әр оқу жылында қосымша білім берудің үйірмелеріне қатысатын шығармашыл, ойлау өрісі кең оқушыларды оқытуда ұстаздардың еңбегі зор. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп ұлы Абай айтқандай, еліміздің көркеюі мен жарқын болашағына үлес қосатын дарынды, салауатты өмір салтына бейім оқушыларды тәрбиелеп жатқан «Шұғыла» орталығының ұстаздарына үлкен алғысымды білдіремін! Оқу мен тәрбиеден бөлек, білім саласында қосымша білім берудің алатын орны ерекше. Баланың оқудан тыс уақытын тиімді ұйымдастыруда қосымша білім беру үйірмелерінің үлесі зор. Баланың интеллектуалдық ойлау қабілетін, шығармашылық ой-өрісін, дарынын дамыта түседі. Жылдан-жылға орталықтағы үйірмелер мен оқушылар саны артып келеді. Бұл – мектеп оқушыларының жаңаша көзқарасы мен дамуға деген құлшыныстарының көрсеткіші. Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының және«Шұғыла» орталығының ұстаздары мен шәкірттеріне зор сенім білдіре отырып, алдағы уақытта биік асулар мен шығармашылық жетістіктер тілеймін!*



Директордың оқу-тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
**Мақпал Карыбековна
КАШКИМБЕКОВА**

# Әр баланың табысқа

2012 жылы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы өз есігін ашты. Қазақстан Республикасының ірі қосымша білім беру ұйымдарының бірі ҚР Президентінің тапсырысы бойынша және балалар мен жасөспірімдерді қосымша дамыту үшін арнайы ерекше жоба бойынша салынған. Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының қызметі Қазақстан Республикасындағы Қосымша білім беруді дамыту стратегиясына сәйкес құрылады.

Қазақстанның индустриялық қоғамнан постиндустриалды ақпараттық қоғамға көшу жағдайында өскелең ұрпақтың қосымша білім алу мүмкіндіктерін кеңейту арқылы адамның қосымша үздіксіз білім алуы, адамның әлеуметтенуі және өзін-өзі дамыту жүйесіне талаптар күшейе түсуде. Ақпараттық әлеуметтену жағдайында балалардың, жасөспірімдер мен жастардың жеке және кәсіби өзін-өзі анықтауы орын алатын адамның дамуға және әртүрлі іс-әрекеттерді еркін таңдау құқығын неғұрлым толық қамтамасыз ететін ашық білім ретінде қосымша білім берудің миссиясын әлеуметтік түсіну қажеттілігі барған сайын айқын бола түсуде.

Әр баланың жеке біліміне айналатын қосымша білім жеке тұлғаның өзгерістерге бейімделуін қамтамасыз ететін әлеуметтенудің жетекші арнасына айналады.

Соңғы жылдары мектепке дейінгі жастан бастап балаларға қосымша білім беру бағдарламаларына отбасының қызығушылығы артты. Ата-аналар балаларға қосымша білім беруді жеке уақыт пен қаражатты инвестициялаудың тартымды саласы ретінде қарастырады. Соңғы бірнеше жыл ішінде ғылыми-техникалық бағытты дамытуға көп көңіл бөлінді.

Бізде әрбір балаға өзінің бейімділігі мен қабілеттерін тануға, оларды дамытуға, өзінің табыстары мен жетістіктерін көрсетуге, таңдалған қызмет түрінде және қарым-қатынаста өзін-өзі табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайлар жасалған. Педагогикалық ұжым үшін білім алушының танымда, шығармашылықта, шеберлікте, сондай-ақ оның ынтымақтастық және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын меңгеруде, жауапкершілік сезімін дамытуда белсенділігін ынталандыру әрқашан маңызды. Мұның бәрі біз жүзеге асыратын жаңа буын қосымша жалпы білім беретін жалпы дамыту бағдарламаларында көрініс табады.

Қазіргі уақытта 7 мақсатты бағдарлама–жоба, 6 авторлық және бос уақытты өткізу бағдарламалары іске асырылуда.

Қызметтің тиімділігі тәрбиеленушілердің өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейдегі конференцияларға, конкурстарға қатысу нәтижелерімен расталады, онда біздің тәрбиеленушілеріміз лауреаттар мен




# жету жолындағы 10 жыл

дипломанттар, жеңімпаздар мен жүлдегерлер атанып жүр. Дәл осы арқылы Сарай жұмысының нәтижелілігі көрінеді және, әрине, балалардың балалық шақтың әр сәтін жаңа бір нәрсені үйреніп, рухани жағынан байып, өз бойына адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруымен анықталады.

Қазіргі уақытта Оқушылар сарайында 12 000 астам баланы қамтитын 98 үйірме, секция және 14 шығармашылық бірлестіктер жұмыс істейді. Сарайда жыл сайын қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі 30-дан астам бұқаралық іс-шаралар өткізіледі.

Оқушылар сарайы – инновациялық технологиялар негізінде құрылған бірегей жоба. Мұнда білім беру процесін ақпараттық-технологиялық қолдау оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық ресурстарға, жаңа технологиялар мен виртуалды жобаларға тең қол жетімділігі негізінде жабдықтаудан бастап белсенді пайдалануға дейін ойластырылған. Оқушылар сарайында инновациялық технологияларды тағы бір қолдану жолы – оқу процесін онлайн-трансляциялау, бұл ата-аналарға онлайн-режимде оқу процесін бақылауға, сондай-ақ педагогтерге шеберлік сабақтарын өткізуге мүмкіндік береді.

Оқушылар сарайының бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуінің мақсаттары мен міндеттері жалпы даму стратегиясын, педагогикалық қызметтің негізгі принциптерін, қосымша білім беру жұмысының негізгі мазмұндық бағыттарын көрсетеді.

Қосымша білім беру тиімді инвестициялар мен инновациялар саласы ретінде дамуда. Ерекше миссияға және құндылық статусын өзгерту мүмкіндігіне байланысты қосымша білім беруге қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына енгізілген мемлекеттік саясатты іске асыру қосымша білім беруге ақпараттық дәуірдің сындары мен тәуекелдеріне жауап беруге мүмкіндік береді.

Жиналған педагогикалық, әдістемелік тәжірибе Сарай ұжымына барлық қойылған міндеттерді табысты шешуге, барлық белгіленген жоспарларды орындауға, білім беру бағдарламаларын толық көлемде іске асыруға, жасөспірімдер мен жастарды тәрбиелеуді, оқытуды және дамытуды біріктіретін бірыңғай, мақсатты процесс ретінде балаларға қосымша білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сарай қабырғасында балалар пайдалы білім мен дағдыларға ие болып, тәрбиеленушілеріне кішкентай достарындай сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарайтын педагогтерден тәлім алады. Мұндай атмосферада таланттар өсіп-өніп, жас дарындардың әлеуетті қабілеттері ашылады.

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы – өнердің, қиял мен шабыттың, алғашқы қадамдар мен жаңалықтардың, қажырлы еңбек пен жетістіктердің біртұтас әлемі.

# ЛЕЙЛА ОСПАНОВНА АБДУЛЛАЕВА

### ЖАППАЙ МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БӨЛІМІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ, Ы.АЛТЫНСАРИН ТӨСБЕЛГІСІНІҢ ИЕГЕРІ

**БАЛАҒА БІР СӘТ ҚУАНЫШ СЫЙЛАУ – ҮЛКЕН БАҚЫТ!**



*Осындай қағидамен Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының жұмыс жасап келе жатқанына 10 жыл. Қызығы мен шыжығы қатар жүрген бұл он жылдық, қаншама баланың бағын жандырған жұлдызды жылдар деп айтсақ әбестік болмас.Оқушылар сарайы ашылғаннан бері он жылда жеткіншектер үшін бақыт пен шаттықтың ордасына айналды.*

*Жаппай мәдени іс-шаралар бөлімінің жетекшісі ретінде, сарайдың есігі ашылған сәттен дәл бүгінге дейін балаларға көңіл-күй сыйлау үшін ұйымдастырылған мерекелік іс-шараның әр қызықты сәті менің есімде. Осы уақыт аралығында біздің педагогикалық ұжым білім беру саласының барлық саласында 7000-ға жуық іс-шараларды жоғары дәрежеде ұйымдастырды. Атап айтқанда, «Шабыт» республикалық фестивалі, «Жұлдызай» республикалық байқауы, «Республикалық пікірсайыс турнирі», республикалық педагогикалық ғылыми конференциялар және де сарайдың дәртүрлі түрде өтетін мерекелік іс-шаралары.*

*Бүгін тек сарайдың емес, 12 мың бала мен 300-ден астам қызметкерлердің төл мерекесі. Оқушылар сарайының 10-жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, жұмыстарыңызға шығармашылық табыс және отбасыларыңыздың амандығын тілеймін.*

# ҚЫМБАТ МҰҚАНҚЫЗЫ ИРГЕБАЕВА

### ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМ ЖЕТЕКШІСІ, ҚР-Ы БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ, Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ТӨСБЕЛГІ ИЕГЕРІ



*Мен біздің оқушылар сарайы салынбай тұрып та, аздаған қызмет еттім деп ойлаймын. Махамбат Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында жұмыс істеп жүрген кезімде маған «КазАтомПром»-нан хабарласты. Ол жерден Қаймолдина Әлия Кабиевна деген қызметкер, «Сізді сайттан тауып алдық, көмегіңіз керек болып тұр, Астанада жаңа Оқушылар сарайын салуға тапсырма алдық, осы жобаға қатыссаңыз, концепциясын жазсақ қайтеді?»-деп өтінішін жеткізді. Содан өзім жұмыс жасап жүрген оқушылар сарайын негізге ала отыра, әріптестеріммен ақылдасып, сарайдың концепциясын жазуға атсалыстым. «Концепция қабылданды, сарайдың құрлысы басталды»- деп телефон соққанда қатты қуандым. Кейіннен Астана қаласы Білім басқармасының шешімімен осы жерге қызметке келдім. Содан бері қызығы мен қиындығы да болған 10-жыл өтіпті.Осы аралықта жұмысқа қабілеттілігі орасан, шығармашыл, жаңашыл, талап-тілектері де жоғары кәсіби мамандар жиылған ұжым қалыптасты. Әрбір қызметкердің өзіндік орны бар. Қаншама шәкірттерімізге мамандық таңдауына үйірме жетекшілері мен спорттық жаттықтырушыларымыз бағыт-бағдар берді.*

*Республикада «Ең үздік қосымша білім беру ұйымы» атағын жеңіп алдық. Педагогтарымыз республикалық, қалалық байқаулардың жеңімпаздары атанды. Айта берсек жетістіктеріміз аз емес. Осы бір айтулы датаны пайдалана отырып, Әріптестеріме айтарым: мен Сіздерді өте құрметтеймін және маған деген көңілдеріңізге алғысымды білдіремін. Денсаулықтарыңыз мықты болып, ниеттеріңіз түзу болсын.Өткен онжылдықта алған тәжрибелеріңізді шыңдай түсіп, келер онжылдыққа басар қадамдарыңыз нық, сәтті болуына шын жүректен тілектеспін!*

## АЙГУЛЬ АБДУМАЛИКОВНА АЙТИМОВА

**ДИРЕКТОРДЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ**



*«I-Bala» журналының қадірлі оқырмандары, Оқушылар сарайының 10 жылдық мерейтойы құтты болсын!*

*Құрметті оқушылар, сіздер үшін сан алуан мүмкіндікке толы жолдар ашық. Жүрек қалауларыңыздың үніне құлақ асып, өздеріңізді шабыттандыратын өмірлік істеріңізді табуға тілектеспін. Әр жетістіктің негізінде қажырлы еңбек жатыр. Сіздерге ұшқыр ой, анық мақсат, сәттілік тілеймін.*

*Ардақты әріптестер, ата-аналар, балаларымыздың дүниенің бір кірпіші болып қалануына ықпал ету – ортақ мүддеміз. Осы жолда қажыр-қайраттарыңыз таусылмасын, күштеріңіз бен тың идеяларыңыз сарқылмасын.*

*Армансыз адам қанатсыз құспен тең болса, біздің сарайымыз – талай бүлдіршінге қанат сыйлаған ғажап мекен, мыңдаған баланың қиялына жан бітірген сиқырлы орын. Шын бақытты балалықтың ордасына айналған Оқушылар сарайының мәртебесі арта берсін!*

## АЛТЫНАЙ МАХМЕДУНҚЫЗЫ ҚОСЫБАЕВА

**ДИРЕКТОРДЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ**



*Құрметті ұстаздар! Қымбатты оқушылар, ата - аналар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, мереке – елорда төріндегі Оқушылар сарайының 10 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!*

*Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы еліміз бойынша ғана емес, әлем бойынша да баламасы жоқ ерекше ғимарат. Бұл мекеме - балалардың арман баспалдағы бастау алатын, ертеңіне ерінбей қарайтын талапты жастың жігерін жануды үйрететін ғажайыптардың бастауы десек артық емес. Әрбір баланың өміріне ерекше әсер қалдыратын ,қиялын қияға ұшырып, қанаттанудың қадамы жасалатын орта.*

*Оқушылар сарайы – жастардың рухани және мәдени дамуының маңызды орталығы болып келеді. Бұл жерде өткен әрбір мерекелік іс-шара мұғалімдер үшін толғанысын айғақтайтын, оқушылар үшін ұмытылмас сәттерімен есте қалады.*

*Баршаңызды бүгінгі мерейлі мерекемен құттықтай отырып, Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен мүмкіндіктерге ұдайы ізденіс, шығармашылық табыс, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін!*



# TANYM

***TANYM шығармашылық және технология орталығы – мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған заманауи қосымша білім беру алаңы. TANYM орталығына келген әр бала өзіне қызық жобаларын жасай отыра, қазіргі заманға аса қажет нақты дағдыларды игереді. Оқу онлайн платформа көмегімен және кәсіби менторлардың қолдауымен жүреді. Оқып-үйренуге қажетті жеке даму траекториясы жасалады.***

*Орталықтың әдістемесі 4P концепциясына негізделеді. Атап айтқанда Project - жобажасау, Peers – серіктестік негізінде оқу, Passion – әр баланың шын ынтасын ояту, және Play - ойын арқылы оқыту әдістемесі қолданылады.*

*TANYM шығармашылық және технология орталығы – мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған заманауи қосымша білім беру алаңы. TANYM орталығына келген әр бала өзіне қызық жобаларын жасай отыра, қазіргі заманға аса қажет нақты дағдыларды игереді. Оқу онлайн платформа көмегімен және кәсіби менторлардың қолдауымен жүреді. Оқып-үйренуге қажетті жеке даму траекториясы жасалады.*

*Орталықтың әдістемесі 4P концепциясына негізделеді. Атап айтқанда Project - жобажасау, Peers – серіктестік негізінде оқу, Passion – әр баланың шын ынтасын ояту, және Play - ойын арқылы оқыту әдістемесі қолданылады.*

*Сондай-ақ, TANYM шахмат ойнап үйренуге, қаржылық сауаттылықты игеруге және эмоционалды интеллект негіздерімен танысуға жол ашады.*

*TANYM шығармашылық және технологиялар орталығының қызметі келесі элементтерден тұрады: арнайы дайындалған кеңістік, соңғы үлгідегі құрал-жабдық пен бағдарламалар, қазақ және орыс тілдеріндегі халықаралық контент пен оқу материалдары, кезкелген уақытта қол жетімді оқу платформасы, арнаулы дайындығы бар кәсіби менторлар мен ұстаздар, оқу нәтижесі мен кәсіби білікті растайтын сертификат алу мүмкіндігі. Сертификат алған оқушылар қалалық, республикалық және халықаралық шығармашылық жарыстарға қатыса алады.*

***Центр творчества и технологий TANYM** – это платформа дополнительного образования для всех школьников. В центре TANYM дети осваивают важные для современной жизни практические навыки, работая над собственными проектами, учатся с помощью онлайн-платформы при поддержке менторов. Персональная траектория развития учащихся поддерживается профессиональными педагогами.*

*Методология центра основывается на концепции 4P. А именно:*

*PROJECT – создание проекта,*

*PEERS – обучение на основе партнерства,*

*PASSION – обучение на основе интереса каждого ребенка,*

*PLAY – обучение через игру.*

*Центр творчества и технологий TANYM в партнерстве с компаниями Microsoft, Adobe, AutoDesk, CERTIPORT*

***- Бегарыс, сәлеметсізбе! Ағысы қатты заман ағымынан қалмау – өскелең ұрпақтың парызы. Ал ұрпақты тәрбиелеу, заманауи жобаларда алдыңғы орыннан көрсету, әрине, ұстаздарға да тікелей байланысты. Робототехника ғылымына және өз жұмысыңызға тоқталсаңыз.***

*- Робототехника (робот және техника, ағылш.*




# Creative Technology Center



*Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады*
*Абай*



*robotics — роботика) – роботтардың құрылысымен, жұмысымен және оны қолдану мен айналысатын, оған қоса оларды басқару, сезіну мен мәлімет өңдеумен айналысатын механикалық, электр және электронды инженерия мен компьютер ғылымдарының біріккен саласы. Робототехника роботтардан басқа автоматтандырылғант ехникалық жүйелерді, өндірістік үдерістердің ең жаңа техникалық жиынтықталуын әзірлеу және оны қолдану жолдарын зерттейтін ғылым.*

***- Күтілетін нәтиже қандай?***

*-Білім – еңбекпен келетіні тәрізді, робототехникамен үнемі айналысып жүрген оқушы біраз уақыттан кейін ойлау қабілеті жоғарылайды, логикасы дамиды, жылдамдығы артады. Бала жеке тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Түрлі мақсаттағы міндеттердіжүзеге асыру үшін роботтарды жобалап үйренеді. LEGO® MINDSTORMS® Education EV3 жәнеLEGO® DigitalDesigner бағдарламаларында жұмыс жасай алатын болады. Шығармашылықпен жұмыс жасауға дағдыланады.*

*Ал, құрастыру, модельдеу және бағдарламалау дағдыларын пайдалану адамның түрлі салалардағы қызметін жеңілдету және жақсартуға қажетті құрал-жабдықтар жасауға және тың ойларды алып келеді. Құрастырғыштың ұсақ бөлшектерін құрастыру арқылы балалардың саусақтарының ұсақ қимылдары дамып жетіледі.*

*- Бегарыс Ермалатұлы, егемен еліміздің дамуынаөзүлесін қосатын, озықойлы жас жеткіншектерді тәрбиеле удесіздерге тек сәттілік тілейміз.*




*Сұхбатты дайындаған «PrimeTime» үйірмесінің шәкірті*
*Сейлбек Мұхаммедрасул*
*Жетекшісі: АйнұрТоқтархан*




***Программа SANA включает в себя:***

*- программирование на популярной игровой платформе Minecraft (от 4 лет);*

*- развитие когнитивных навыков и навыков вычислительного мышления с использованием робота Matatalab (с 1 класса);*

*- создание электронных устройств и девайсов с помощью программно-аппаратных средств Arduino, а также их программирование на базе платформ блочного программирования (с 9 класса);*

*- программирование дронов и летательных аппаратов ( со 2 класса);*

*- обучение основам искусственного интеллекта и компьютерного зрения с использованием умной машинки Zumi (8 класс);*

*- создание компьютерных анимаций и игр на платформе Scratch (2 класс);*

*- основы 3D моделирования и создание виртуальных миров (5 классы).*

**1 класс.** *Matatalab, Scratch, Класс-работа с блоками. Знакомство с блоками, цифровые, циклические блоки, в виде игры, знакомство с матата код, в виде логических игр.*

**2 класс.** *Scratch, CoDroneJunior. Пишут первую программу кошки-мышки. Отправляемся на луну.*

Рисование по координатам. Codrone – учимся летать, введение в блоки для новичков, этапы полета, движения полета, светодиоиды и тд.

**3 класс.** Kodu, CoDroneSenior. Новая программа которая создает игровой мир.






mindstorms









# Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы-елордалық пікірсайысшылардың орталығы




***“Адамдыдаңққа бөлейтін екі қасиеттіөнер бар: бірі – қолбасшылық, екіншісі – шешендік”, – депежелгі Римнің әйгілішешені, дарындыжазушысы, қоғамқайраткері Марк Тұллий Цицерон айтқандай, өзойыңды ашық жеткізіп, сөйлеу мәдениетін ұстануда – үлкенөнер.***

*Дебат – тәртіп пен тәрбиенің, сыйластықтың ортасы. Ойында сөз жарыстыра отырып, қарсыласқа ұтымды жауап қайтару, өз идеяңды қорғап шығу үлкен шеберлік. Тарихқа көз жүгіртсек дебат арқылы талай мәселелер талқыланып, шешімін тапқан. Бүгінде де бұл өнер өзектілігін жоғалтқан жоқ. Нұр-Сұлтан қаласыӘл-Фараби атындағы оқушылар сарайы Білім басқармасының қолдауымен 2020-2021 оқу жылынан бастап қалалық мектептерінің пікірсайыс қозғалысының басты үйлестірушісі болып жұмысын бастады. Осы жылы оқушылар сарайында пікірсайыс қозғалыс жобасының кеңсесін ашты. Кеңседе пікірсайышылар үшін белгілі саясаткерлер, қоғам қайраткерлер, тәжірибелі мамандармен кездесулер, қалалық семинар тренингтер , мастер – класстар, дебаттық ойындар ұйымдастырылуда.*

*Бүгінгі күнде «Ұшқырлы ой алаңы» қозғалысында 1185 бала өз ойын ашық білдіріп, еркін сөйлеуді, ұтқыр ойлуды, саяси сауатты болуды және қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелерді талдауды үйренуде.*

*Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайында Республикалық қосымша білім беру орталығымен бірлесіп 3 Республикалық турнир өткізілді. Алғашқы турнирге Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрі Аймағанбетов Асхат Қанатұлы қатысып, жан-жақты даму үшін алған білімді дебат ойындары арқылы жүзеге асыру керектігін балаларға жеткізді.*

*«Ұшқыр ой алаңы» пікірсайыс қозғалысы білім беру мекемелеріндегі оқушылардың мүддесіне сәйкес бастамалар көтеріп, тиісті шешім қабылдауды және оларды жүзеге асыруды үйретуде. Сонымен қатар дебат ойындары арқылы көшбасшылық қасиеттерді дамытып, әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға және бар мәселені бірлесіп шешуге өз ықпалын тигізуде. Алдағы уақытта қаланың пікірсайыс қозғалысы басқа өңірдегі мектеп көшбасшылар, колледждер мен жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста болып, тәрбие жұмысының ажырамас бір бөлігіне айналуы жоспарлануда. Көзі ашық, көкірегі ояу, заман талабынан қалыспайтын, ұтқыр ойлы, шешен тілді жастар көп болсын!*








# Аспаптар бөлімі



## ҚОРҒАНБЕК ШОЛПАН ДІЛДӘБЕКҚЫЗЫ

ӘЛЬ- ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ АСПАПТЫҚ БӨЛІМІНІҢ МЕҢГЕРУШІСІ
ФАРАБИ САЗЫ ОРКЕСТРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЖЕТЕКШІСІ
ҚР БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ
МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ
ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ.

Шығармашылық жұмыс және болашақ ұрпақты өнерге баулу мен үшін егіз ұғым. Одан мен шаршамаймын, жалықпаймын, қайта бойыма күш қуат аламын.



## МАРИНА АНАТОЛЬЕВНА МАКАРОВА

ЭСТРАДНО-ДУХОВОЙ АНСАМБЛЬ ПОПУЛЯРНОЙ МУЗЫКИ „МЕЛОДИКА"
РУКОВОДИТЕЛЬ КРУЖКА СИНТЕЗАТОР И ФОРТЕПИАНО

Дворец школьников научил работать творчески, с энтузиазмом и полной самоотдачей. Руководством созданы прекрасные условия для работы. Благодаря поддержке коллектива педагогов, настоящих профессионалов своего дела мы выступаем на самых значимых концертных мероприятиях нашего любимого Дворца, которые дают нам вдохновение и желание идти вперёд к новым высотам!



## ҚАЙРЖАН ӘЛІБЕКҰЛЫ ШАЯХМЕТОВ

ДОМБЫРА ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ

Домбыра ұйірмесінің Мақсаты: Сандық тәсіл жүйесін үйрету арқылы домбырада ойнау шеберлігін арттыру. Оқушылардың ынтасынмен ;домбыра аспабында ойнау қаблетін ояту: Қазақтың күйлерін тыңдау және орындау арқылы өз мәдениетін дәріптеу.



## МИРА ЖУНУСБЕКОВНА КЕГЕНОВА

ПЕДАГОГ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КРУЖКА "ФОРТЕПИАНО"

Цели и задачи кружка: совершенствование музыкально-эстетического воспитания учащихся, формирование исполнительских навыков, развитие чувства любви к музыке своего народа. Поддерживаю одарённых и талантливых обучающихся.Творчество учащихся демонстрируется на конкурсах разного уровня.



## ТАТЬЯНА ВАСИЛЬЕВНА БУГИНЕНЕ

РУКОВОДИТЕЛЬ КРУЖКА «SOFT MOZART»

Дворец школьников им. Аль-Фараби для меня- детское учреждение с новой формой самовыражения. Так как обучение на фортепиано-это индивидуальная форма работы, здесь я приобрела навыки и методы работы обучения в группе благодаря авторской методики Е. Хайнер «Софт Моцарт». При поддержке Администрации нашего дворца мы, единственные в столице, имеем возможность приобщать детей с интересом, радостью и легкостью к фортепианному творчеству. Такое обучение позволяет детям достигать своих вершин на конкурсах разного уровня, а также оставаться просто любителями фортепианной музыки.



## АЛИЯ БАЗАРХАНОВНА АХМЕТОВА

РУКОВОДИТЕЛЬ КРУЖКА ДОМБЫРА-КОБЫЗ. АНСАМБЛЬ КАЗАХСКИХ НАРОДНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ, ЯВЛЯЕТСЯ НЕОДНОКРАТНЫМ ЛАУРЕАТОМ РЕСПУБЛИКАНСКИХ, МЕЖДУНАРОДНЫХ КОНКУРСОВ ОАЭ, ФРАНЦИЯ, ЧЕРНОГОРИЯ.



## МАДИНА БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ ОСМАНОВА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ХАЛҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЛАРДЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ "БЕЛЕС" ЖЕТІГЕНШІЛЕР АНСАМБЛІ

«Жетіген» үйірмесінің мақсаты – оқушыларға қазақ халқының мәдениетін, ұлттық музыка өнерін насихаттау және дәріптеу. Оқушылардың есту қабілетін арттыру,біркелкі орындау шеберлігін арттыру,әр түрлі шығармалар ойнатып үйрету, ұлттық аспаптармен таныстыру, оқушыларды яғни ұжымды концерттерге дайындап сахналарда өнер көрсете білуге,көркемдік таным-тағлымын дамытуға,өнер мәдениетінің эстетикасына тәрбиелеу.



## БОЛАТ БЕРМАГАМБЕТОВИЧ СПАНОВ

РУКОВОДИТЕЛЬ ИГРЕ НА ГИТАРЕ

Ученики осваивают разнообразный музыкальный материал от классики до джаза. Цель научить ученика играть сольно и в ансамбле.



## ДМИТРИЙ ВАЛЕРЬЕВИЧ КУТЛИН

РУКОВОДИТЕЛЬ КРУЖКА "ПЕСНИ ПОД ГИТАРУ"

Основная цель кружка – научить ребят свободно аккомпанировать себе на шестиструнной гитаре. Дворец школьников даёт мне возможность творчески развивать свой потенциал, сеять доброе и прекрасное в воспитании наших детей.



## ДАНИРА АМАНБАЕВНА КУТЛИНА

ЛАУРЕАТ РЕСПУБЛИКАНСКИХ И МЕЖДУНАРОДНЫХ КОНКУРСОВ, РУКОВОДИТЕЛЬ КРУЖКА "ГИТАРА"

Основная цель кружка - создание условий для развития музыкальных способностей детей, для формирования их познавательного интереса, самостоятельности и гармоничных эстетических потребностей, приобщение детей к игре на гитаре, как части человеческой культуры. В нашем Дворце Школьников для этого созданы все условия.



## БАЯН БЕКЕТОВНА МУКАНОВА

ӘЛ- ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ АСПАПТЫҚ "ФЛЕЙТА" ҮЙІРМЕСІ"МҰҒАЛІМІ

Балаларды классикалық шығарма ойнап үйрету, симфониялық, үрмелі аспаптар оркестрінде ойнауға тәрбиелеу, қалалық, Республикплық, Халықаралық конкурстарға қатыстыру.

Оқушылардың интонациясын, есту қабілетін арттыру, біркелкі орындау шеберлігін дамыту, әр түрлі концерттерге жеке және топпен орындауға, сахналық мәдениетке тәрбиелеу, көркемдік талғамын өсіру, өнер мәдениетінің эстетикасына тәрбиелеу.



# НАУРУЗОВА АЙНАГУЛЬ ХАИРБАЕВНА

**РУКОВОДИТЕЛЬ КРУЖКА "ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ДЕЛО"**
**ГЛ. РЕДАКТОР ЖУРНАЛА i-BALA**

*Вот и наступил очередной рубеж, юбилей - 10 лет! Благодарна судьбе, что привела меня прямой дорогой во Дворец. Поделилась со мной идеей создания детского журнала Үмсын Нуржігітқызы и я с большой радостью приступила к ее воплощению. На протяжении 10 лет мы с коллетивом Дворца, командой юных журналистов работали, да-да, именно работали на каждым выпуском издания. Воплощали самые невозможные идеи, авторские фотопроекты, встречи с замечательными и интересными людьми. За годы работы во Дворце я приобрела ценный опыт, друзей и наставников.*

*А сколько ребятишек были вдохновлены встречами с главами посольств, первыми лицами, гостями нашей столицы. Целое поколение выросло на страницах журнала! Для меня это большая семья, школа жизни, возможность раскрыть свои таланты и способности детей.*

*Хочу поблагодарить руководство Дворца за доверие, поддержку, за возможность развиваться и выпускать журнал. Каждый из руководителей внесли особую атмосферу, неоценимый вклад в развитие Дворца. Благодарю своих коллег за помошь в создании журнала и видео роликов. Эти годы, как большой Праздник, наполненный всеми палитрами ярких красок. Работать во Дворце, быть частью дружного коллектива - это честь. Знаю, что пройдет еще много лет, и я всегда буду вспоминать с благодарностью и теплом эти годы, с гордостью и с улыбкой на устах.*

*Здоровья, процветания и всех Благ каждому!*


















## АҚБАБА НҰРИЯ

«ЖАС ҚАЛАМГЕР» ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ,
П.Ғ МАГИСТРІ, АЙТЫСКЕР АҚЫН

*Мен үшін бұл оқу ордасы алғақы тәжірбе жинап келе жатқан, киелі мекен. Бала кезімнен түрлі жарыстарға қатысып, өз саламды анықтадым. Ақындық қабілетімнің арқасында әдебиет саласына келдім. Қазіргі таңда сол өзім сүйген өлеңді оқушыларға үйретіп келемін. Жұмысым маған шабыт береді. Сарайдың салтанатын асырып біздің «Жас қаламгер» үйірмесінің әдеби кештері де өтіп жатады. Осындай арманға толы ғажайып мекенде өмір сүріп, білім үйретіп жүргенімізді бақыт санаймыз. Оқушылар сарайы мен үшін: арманға жол ашатын алтын қақпа!*

## ДАУРЕН БЕКСУЛТАНОВИЧ БАЙКЕНЖЕЕВ

ВИДЕОРЕЖИССЕР

*Француздың атақты суретшісі Джиллес Пересс «Мен сөздерге сенбеймін. Мен фотосуреттерге сенемін» - деген екен. Шынымен де әлемнің таңғажайып келбетін, өмірдің қайталанбас сан алуан қызық сәттерін суретке түсіру – ол тарих. Бүгінгі сурет – ертеңгі мәңгілік қалатын тарихымыз. Сондықтан да менің жұмысым сөзден гөрі көрініспен көрсетуге, нақтылыққа, шынайылыққа жақын.*

*Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы алғаш қаланып, қоғамға бірте-бірте араласа бастаған сәтінен қызмет еткеніме көзді ашып-жұмғанша 10 жыл өтіпті. Осы уақыт аралығындағы сарайымыздың тарихы менің көз алдымда өтті. Негізгі мамандығым – видеограф және режиссер. Ал фото, видеоға түсіру және оған монтаж жасау, өңдеу арқылы толыққанды дүние жасап шығару – менің хоббиім десем болады. Әрбір іс-шаралар, мерекелік қойылымдар, концерттер, келген қонақтар, маңызды кездесулер барлығы дерлік сарайдың алтын қоры болып сақталуда. Бұл мен үшін үлкен мәртебе!*



# Вокал бөлімі

*Дворец - это не только самое красивое здание в виде круглого шанырака, это место где я совмещаю свои профессиональные и творческие навыки, занимаюсь своим любимым хобби! В окружении профессионального руководства, дружного коллектива и талантливых детей нашей столицы я делюсь, созданными яркими музыкальными вокальными композициями всем на радость!*





**КЕНТАУ ҚУАНТАЙҰЛЫ НАЗАРБЕК**

Композитор, қазақ өнерінің қайраткері, әдет-ғұрып, салт-дәстүр академисының құрметті профессоры, Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы вокал бөлімінің меңгерушісі
Абай елінің құрметті азаматы

*28 наурыз күні Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында Вокал студиясының «Оқушылар сарайы, өнерпаздар арайы» атты есеп беру концерті өтті. Коцертті оқушылар сарайы директорының әр бағыттағы орынбасарлары, бөлім жетекшілері және өнер көрсеткен үйірме шәкірттерінің ата-аналары тамашалады.*

*Мерекелік кеште Қазақстан, туған жер, Отан, балалық шақ, көктем және заманауи үлгідегі әндер орындалып, өнерпаздардың жоғары дәрежеде көрсеткен өнеріне жиналған тыңдармандар ризашылғыны білдіріп қайтты.*

